

**"Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылдың 5 шілдесіндегі N 3/446 "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату тәртібін сақтау жөніндегі Алматы қаласы Әкімі аппараты жанындағы Комиссияның Ережесі мен құрамын бекіту туралы" қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы"**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2003 жылғы 01 желтоқсандағы N 5/709 қаулысы. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 18 желтоқсанда N 569 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 8 қазанында N 4/824 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылдың 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына және Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылдың 17 қаңтардағы N 1/30 қаулысына сәйкес Алматы қаласының Әкімшілігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылдың 19 шілдесінде тіркелген және (2002 жылғы 7 қыркүйектегі N№100) "Алматы Ақшамы" мен (2002 жылғы 11 қыркүйектегі N№71) "Вечерний Алматы" газеттерінде жарияланған "Алматы қаласы Әкімшілігінің 2002 жылдың 5 шілдесіндегі N№3/446 "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату тәртібін сақтау жөніндегі Алматы қаласы Әкімі аппараты жанындағы Комиссияның Ережесі мен құрамын бекіту туралы" қаулысына келесі өзгерту енгізілсін: эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тарату тәртібін сақтау жөніндегі Алматы қаласы Әкімі аппараты жанындағы Комиссияның Ережесіндегі 7 тармақтың 7 тармақшасы алынып тасталсын.

*Алматы қаласының Әкімі  
Әкімшілік хатшысы*